

## **ИНФОРМАТИКА МАМАНДЫҒЫНДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Байжанова Айнагуль Артыковна**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің,  
“Әлем тілдері” кафедрасының оқытушысы,

Ақтөбе, Қазақстан

[bayzhanova.aynagul@mail.ru](mailto:bayzhanova.aynagul@mail.ru)

**Тұрғара Мадина Сейдуллақызы**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің  
«Информатика» 2 курс студенті,

Ақтөбе, Қазақстан

[madinaturgara@mail.ru](mailto:madinaturgara@mail.ru)

Қазақстан – түрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан мемлекет. Қазақстан Республикасының барлық халықтары арасында өзара түсіністік пен сыйластық орнаған. Ел ішіндегі саясат көптеген ұлттардың біртұтас қазақ халқы болып қалуына мүмкіндік береді. Қазақстан көпұлтты және көп тілді мемлекет болуы үшін заман ағымына сай талаптарды орындау керек. Қазір заман бір орында тұрмайды. Күн сайын жаңа өзгерістер енуде. Елімізде бірнеше шет тілдерін білетін әртүрлі азаматтарға көптеген сұраныстар келуде. Тіпті жоғарғы оқу орындарында шет тілін білетін студенттерге шет елден шақырту келіп жатыр. Демек, қазіргі заман көптілділікті қажет етеді. Әрине бірінші мақсатымыз қазақ тілін дамыту. Қазақстанда ұлттық тіліміз қазақ тілінен бөлек орыс тілі, ағылшын тілі жоғары деңгейде дамып жатыр. Себебі қазіргі уақытта бұл тілдер өте көп қолданыстағы тілдер. Әсіресе қазіргі дамыған заман ағылшын тілін жоғары деңгейде талап етеді. Бұл тіл дүние жүзіне ең көп таралған тіл ретінде саналады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ағылшын тілін білу шетелде білім алудың алғышарттарының тізіміне еніп қана қоймай, жас маманның ел ішінде де, шетелде де еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін анықтаушы элемент болып табылады. Қай жерде жүрсеңізде ағылшын тілін сіз міндетті түрде естисіз. Себебі кез-келген елде адамдармен ортақ байланыс орнату үшін тіл білуіңіз керек. Әлем бойынша қолданыста жүрген тілдердің ішіндегі ең дұрыс нұсқасы ретінде ағылшын тілі есептеледі.

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев үш тілділіктің маңызы мен міндеті туралы әрбір қазақстандық азаматтың алдына міндет қойған еді. Демек, ағылшын тілін білмей, сіз заман талабына сай бола алмайсыз. Қазақстан қазіргі жетістіктерімен тоқталып қалмас үшін де көптілділікке ұмтылуды талап етуде. Өйткені, еліміздің терезесін өзге мемлекеттердің терезесімен тең етуге мүмкіндік жасайтын қадамдардың ең маңыздысы – көптілділік.

Еліміз дамыған сайын ағылшын тілін үйренгісі келетін адамдарға көптеген мүмкіндіктер жасалып жатыр. Ағылшын тілін білмейінше, шетелде білім алып, беделді жұмыс табу мүмкін емес. Қазіргі мектептерде 1-сынып оқушыларынан бастап 11-сынып оқушыларына дейін негізгі пән ретінде ағылшын тілі сабақтары өткізіледі. Тіпті шағын орталық бұлдіршіндерінің өзіне ағылшын алфавиттерін үйретіп жатыр. Балалар одан бөлек көптеген мультфильмдерді, өлеңдерді ағылшынша тыңдап, көре алады. Бұл баланың тіл үйренуіне жақсы мүмкіндік туғызады. Тіпті қазір елімізде тіл үйрететін көптеген курстар да жетерлік.

Жоғарғы оқу орындарында шет тілін жоғары кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр. Әрбір студент өз бағытындағы мамандығына байланысты ағылшын тілін меңгеріп, одан ары қарай өздерін дамыта алады. Осыған орай еліміздегі ағылшын немесе басқа да тілдерді білетін студенттерді университет академиялық ұтқырлық бойынша шет елдерге тегін білім алуға жібере алады. Бұл студенттерге өте керемет мүмкіндік. Одан бөлекте білім алуға шет елге кетіп жатқан жастар қаншама. Ал шет елде білім алып, ел аралап, жер көргің келсе ағылшын тілін білуге міндеттісің. Біз барлық жерден ағылшын сөздерін

кездестіреміз. Мысалы компьютер жүйесінде, спортта, жарнама қызметінде кездестіреміз.

Қазір өзіміздің еліміздің өзінде кейбір көп қолданыстағы мамандықтар ағылшын тілін талап етеді. Мысалы, информатика саласындағы мамандықтар, программист немесе IT мамандықтары, дипломаттар, ғалымдар, туристік агенттер, журналистер және т.б. Мысалы дәл қазіргі жастар арасындағы ең көп таңдалып жатқан мамандық-информатика және IT саласындағы мамандықтар. Өйткені, қазір дамыған технология заманы. Яғни, бұл мамандық иелерінің жұмыс істейтін негізгі құралы-компьютер. Кейде компьютерлендіруді ағылшын тілін оқытудың жаңаша әдісі деп жатамыз. Бүгінгі таңда кез-келген адамзат өмірінде міндетті түрде компьютер құрылғылары қолданылады. Компьютер қолдану арқылы біз өмірімізді жеңілдетеміз. Ағылшын тілінсіз информатика мамандығын оқу мүмкін емес.

Компьютерден бөлек, осы мамандықта бағытталған негізгі пәндер ағылшын тілінде өтеді. Мысалы *c++*, *c#*, *.python*, *pascal* тілі секілді пәндердің есептік программалау кодын тек ағылшын тілінде жаза аламыз. Өйткені бұл ағылшын тілінде құрылған программалар. Мысалы, мұндай сабақтарда ағылшын тілінің грамматикасындағы алгоритмдерді оқуға болады. Мұндай жағдайларда информатиканы да, шет тілін де білу қолданылады. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі негізгі бағдарламалау кодтарын оқуға болады. Сондықтан бұл мамандық ағылшын тілімен өте тығыз байланысты. Егер мұғалім информатика мен ағылшын тілін оқығанда кіріктірілген сабақтарды оңай пайдалана білсе, бұл болашақ программисттердің білім деңгейіне оң әсерін тигізеді. Егер адам болашақта программист болуды жоспарласа, онда ол мектепте және басқа оқу орындарында информатиканы да, ағылшын тілін де оқуы керек. Көптеген мектептерде мұғалімдер информатикадан бірден ағылшын тілінде сабақ береді. Мұндай интеграция студенттерге пән туралы толық және көлемді ақпарат алуға мүмкіндік береді. Болашақта мұндай студенттер шет тілінде жұмыс тапсырмаларын еш қиындықсыз орындай алады.

Жоғарғы оқу орындарында бакалавр дәрежесін аяқтағаннан кейін, магистратура немесе докторантура дәрежесін оқығысы келетін студент міндетті түрде ағылшын тілін білуі тиіс. Бұл еліміздегі қатаң талаптардың бірі.

Бүгінде әлем күн сайын дамуда. Жаңа технологиялар тоқтаусыз шығып жатыр. Сондықтан елімізде көптілділік өте маңызды. Ағылшын тілін жақсы білу, бұл өте үлкен жетістік. Бұл тілді білу әрбір адамның өміріндеде үлкен табысқа жетуі үшін көмектеседі. Ағылшын тілі біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады. Оның білімі барлық жастағы адамдарға қажет. Ағылшын тілі өмірдің барлық салаларымен байланысты.

Тіл үйрену үшін қажеттілік не мәжбүрлік емес, шынайы қызығушылық болуы маңызды. А.Б.Августин

#### Әдебиеттер:

- 1) Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауы - 2012 жыл.
- 2) «Айқын» газеті, жаңа басылым «Еліміздегі ағылшын тілінің рөлі».
- 3) Ағылшын тілі мектепте-2005.